



Алаштың ардақты ұлы ұлықталды

Жуырда Е. Бөкетов ағындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде ұлы ғалым Евней Арыстанұлы Бөкетовтің 90 жылдығына арналған ғылыми-тәлімгерлік конференция болып өтті. Конференцияға еліміздің түкпір-түкпірінен ғалымдар, оқымыстының шәкірттері жиналып, баяндамалар оқылып, ойларымен бөлісті. Оған мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтан Досмағамбетов, республика Ғылым академиясының президенті, академик Мұрат Жұрынов, көрнекті академиктер Төрегелді Шарманов, Зейнолла Молдахметов, Сұлтанбек

Осынау алқалы жиын алаштың апайтөс ұлы Евней ағаға арналғанмен, бұл мерекелік салтанат бүткіл қазақ ғылымы мен мәдениетін көктей шолған жиылыс деп түйген жөн. Өйткені себебі, Евней Арыстанұлы артына ғылыми да, әдеби де ұлан-ғайыр мол мұра қалдырып, онысын ел-жұрты, жас жеткіншектер тұшына оқып-танып, ізерлей зерттеп, кәделеріне жаратып жүргені мәлім.

Евней аға соқтықпалы-соқпақсыз өмір кешті, жасынан зерделі жан оқу мен білімді зор мақсат тұтып, ғылымның биік шыңдарына жетіп, өзі метал-

жалды, жолбарыс жүректі, биыл 100 жылдығы тойланып жатқан алаштың арысы Жұмабек Тәшеневті де сүріндірген еді. Сонда да болса арттағы ұрпағымызға ащы сабақ болатындай ақиқатты айтқанымыз, жазғанымыз абзал. Бір-талай қанаттас достары да, қаламгерлер де Евнейдің ерен еңбегі мен тартқан азабын қалам ұшына ілдірді. Осы мұңдарда аса көрнекті жазушы Медеу Сәрсекені атап өткеніміз ләзім. Ал, Евней аға мен ақиқат ақын Кәкімбек ағаның ұлы достығы бір кітапқа сиярлық. Евней Арыстанұлын қаралаған мезеттерде Кәкімбек Салықов Мәскеудегі Орталық Комитетте үлкен лауазым қызметінде болды, Алматыдағы абыз ақын Әбділда Тәжібаев «бұл қалайша, бір шара қолдануымыз керек қой» дегенде, Ебекенің өзі кенпейіл көңілімен достарын тиыштандартып, еш шара жасатпаған. Ал, 1979 жылы мамыр айында «Ленинская смена» газетінде жарияланған жойдасыз көрсоқыр мақала мен ҚарМУ-ды тексерту дегеніңіз үш қайнаса сорпасы келмейтін дүние ғой. Сынықтан сылтау табу билік режимінің баяғыдан қолданатын тәсілі емес пе. Сондағы Ебекенің жалғыз-ақ «кінәсі» – республиканың Ғылым академиясы президенттігіне ұсынылған өз парақшасын орта жолдан алып тастамағаны. Ал, шынтуайттап келгенде, Қаныш ағадан кейін Ғылым академиясының президенттігіне Евней аға барлық жағынан бірден бір лайықты жан еді.

Конференциядағы шешендер айтулы ғалымның ғұмыр жолын, ғылым жолын парақтай келіп, оның есімімен Астана шаһарында орталық көшелердің бірін атауды ұсынды. Университет ғалымдары сонымен бірге ұлы оқымыстыға арнап қазақ және орыс тілінде шығарған «Евней Арыстанұлы Бөкетовтің әлемі» атты 500 беттік естелік кітабының тұсаукесерін өткізді. Академик жайлы кинофильм көрсетіліп, жиын аяғында университет шәкірттерінің күшімен Евней аға хақында мазмұнды спектакль қойылып, көрермендерді тәнті етті.

Бақытжан ТОБАЯҚОВ
Е. Бөкетовтің шәкірті,
ақын, ғалым.



Қожахметов, Әбдірәсіл Жарменов, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденттері Манат Төлімбеков, Арыстан Газалиев, ғылым докторлары Темірғали Көкетаев, Болат Ермағамбет, Әбдуали Баешев, т. б. қағынасты. Алматыдан ғалымның қыздары, профессор Ақсұлу мен бизнес-әкімшілеу докторы Далапраз арнайы шақырылып, сөз сөйледі. Конференцияны университет ректоры, профессор Еркін Көбеев ашып берді. Ол өз сөзінде ғалымның сан қырлы еңбектерін, ғылымдағы, әдебиеттегі, өнердегі ерен істерін атап өтіп, оның ғылым мен білімді ұйымдастырушы ретіндегі қажырлы қызметіне тоқталды.

лургия саласында тұтас ілім жүйесінің ізін салып берді. Оның біразы осы конференцияда айтылды, әлі айтылады да. Ол өзі зау бәкірттерге жетті әрі артынан ерген бауырларын да оқытып жетілдірді. Және де ең маңыздысы – ғылымда өзінің дара соқпағын салып, ғылыми мектеп ашып кетті. Оны көзі тірісінде сол кездегі одақтың ғалымдары мойындап, жоғары бағалай білді. Тек, эттеген-айы, сол заманның кертартпа әпербақан бишігештерінің іштерін қызғаныштың қызыл иті жалап, аты да, заты да зор оқымысты ғалымды орта жолда омақастыра қулатқаны. Етекпен тарту ежелден «дәстүріміз» ғой, мұндай үрдіспен арыстан